

# БІЛІМ ЖАРЫСЫ

Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университетінің
студенттер газеті

29 ақпан 2019 ж.
№ 2 (167)

1998 жылғы 22 наурыздан шыға бастады

**Startup Weekend**

## ҚМУ студенттерінің жобасы үздіктер қатарында




**Арайлым САРБАСОВА,**
**Медиа-студияның бас маманы**

Еліміздің бас қаласында, Astana Hub ғимаратында жас кәсіпкерлер мен студенттердің қатысуымен Startup Weekend, жас новаторларды анықтауға бағытталған шара өтті. Startup Weekend – бұл қатысушыларға стартап жобасын үш күннің ішінде іске қосуға көмектесетін халықаралық бәсекелестік моделі.

Startup Weekend шарасы Citi Foundation-нің қолдауымен MOST бизнес-инкубаторы және Youth Business International компанияларымен бірлесіп ұйымдастырылды. Олар осы жылы «Jastar Business» жобасын іске асыруды көздеп отыр. Бұл дегеніміз – қазақстандық экожүйені және кәсіпкерлікті дамыту, оқыту, тәлімгерлік пен бизнес ашу үшін мүмкіндік сыйлау. Жоба барысында азулы кәсіпкерлер мен жас бизнесмендер бірігіп жұмыс істейтін болады.Табысты кәсіпкерлер өз ісін бастамақ жастармен тәжірибесімен бөлісіп, табыстың сырын ашады, қолдау көрсетеді. Бұл жоба Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев бекіткен «Жастар жылы» бастамасын қолдайды.

«Jastar Business» жобасының арқасында 1800-ден астам жас кәсіпкер, 60 новатор (стартап) оқып-үйрену мен тәлімгерлік қолдау табады деп күтілуде. Бағдарламаның соңына дейін 60 жұмыс орнын құру жоспарда бар.

ҚМУ-нің бір топ студенттерін оқу орнының коммерцияландыру кеңсесінің басшысы Гүлмира Дамбаулова мен жастар бастамаларын дамыту орталығының меңгерушісі Орынбай Әлиев бастап барды. Олар Астанаға үш жобамен жол тартты: «Молокомат», «КУБ» (ақылды жылыжай) және «KOST-kontrol» (жол шығындарын бақылау). Үш жобаның да деңгейі жоғары. Олай деуге үшеуінің де үздік ондыққа енуі негіз болды.

«Біз алғаш рет осындай үлкен топпен ауқымды шараға қатыстық, өте ұнады. Конкурсқа қатысушылардың дайындық деңгейі жоғары, тәжірибе жинадық, біліктілігімізді арттырдық. Мұнда стартаптарды қалай дамыту керектігін, оларды инвесторлар нарығына қалай шығаруға болатынын білдік. Кәсіби тәлімгерлердің кеңесінің арқасында жобаларымызды ұтымды таныстыруды үйрендік және өз бизнесімізді ашу үшін қандай салаларға назар аудару керектігінен хабар алдық. Сайысқа түскен 18 жоғарғы оқу орындарының ішінен ҚМУ апарған үш жоба үздіктер қатарынан табылғаны бізді қатты қуантты. Әсіресе бірнеше ұлттық оқу орындарын артта қалдырып, 3-ші орынға лайық деп танылған «Молокомат» жобасымен мақтанамын. Тағы бір айта кетерлігі, 1-ші және 2-ші орындарды иеленген университеттер аталмыш сайысқа бұрын қатысқан, тәжірибелері бар. Сонымен қатар бірі атағы жер жаратын Қазақ ұлттық университеті болса, екіншісі Павлодар мемлекеттік университеті көптен бері стартаптармен жұмыс жасайтын бірінші кәсіпкерлік оқу орны болып есептеледі. Осы тұста бізге қолдау көрсеткені үшін университетіміздің ректорына алғыс айтамыз. Алма Іргебайқызының бастамасымен университетте бірлескен жұмыс (коворкинг) орталығы және коммерцияландыру кеңсесі жұмыс жасайды. Бұл орталықтардың арқасында студенттердің түрлі жобаларға қатысуға мүмкіндігі артады деп ойлаймыз. Оқу орны жастардың бастамаларын әрқашан қолдап отырса, біздің ынтамыз ода әрі ұлғая түспек»,- деп Startup Weekend жобасының қатысушысы, заң факультетінің 3 курс студенті Дана Мұқанова ойымен бөлісті.

Сәуір айында жастар бастамаларын қолдау мақсатында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде хакатон өткізу жоспарланып отыр. Бастама облыстық әкімдіктен де қолдау тапты дейді ҚМУ-нің коммерцияландыру кеңсесінің басшысы Гүлмира Дамбаулова: «StartupWeekend жобасына қатысып үлкен тәжірибе жинақтадық, енді біз өз білімімізді мектеп және колледж түлектерімен бөліскіміз келеді. Оларға бизнес жобалар жасауға, стартап жобаларды іске асыру үшін инвесторлар мен демеушілер табуға көмектесеміз. Бұл бағыт университет үшін де қажет. Өкінішке орай оқу орны түлектерінің бәрі бірдей бітірсімен жұмысқа орналаса алады деп айту қиын. Ал бизнес жүргізу мектебінен өткен жастар өз ісін ашуға мүмкіндік алады».

# Студентоцентрированное обучение:
## *принципы и технологии*

Становление мирового образовательного пространства, интенсивный поиск и внедрение студентоцентрированного обучения в образовательную практику требуют переосмысления актуальных форм и содержания университетского образования.

В связи с этим, 18 февраля 2019 г. в лаборатории инновационных образовательных технологий состоялся научно-методический семинар «Студентоцентрированное обучение: принципы, технологии и условия реализации». Цель семинара - формирование знаний по студентоцентрированному обучению. Доктор педагогических наук, профессор кафедры психологии и педагогики Наталья Ким рассказала о концепции студентоцентрированного обучения, охарактеризовала педагогический смысл и условия внедрения в образовательный процесс обучения. Основой студентоцентрированного обучения является понимание того, что все высшие учебные заведения различны, как различны все преподаватели и студенты. Они функционируют в самых разнообразных контекстах и имеют дело с различными предметными дисциплинами. Поэтому СЦО – это подход к обучению, требующий структурной поддержки, адекватных конкретным условиям, и стилей преподавания и обучения, которые подходят тем, кто осуществляет преподавание и обучение.

Чтобы сделать преподавание более эффективным, студентоцентрированным, необходим переход от традиционных форм передачи знаний к созданию условий для самостоятельного обучения, согласование форм контроля с содержанием и структурой программы.

С докладом о преимуществах и возможностях студентоцентрированного обучения выступила заведующая ЛИОТ УМО, магистр педагогического направления Сауле Айткужинова. Магистранты специальности «Педагогика и психология» продемонстрировали элементы интерактивных технологий студентоцентрированного обучения.

В рамках семинара преподаватели активно обсуждали вопросы реализации студентоцентрированного обучения в образовательном процессе.

Вуз-производство

# ВЫЕЗДНОЕ ЗАНЯТИЕ
## В АРАКАРАКАЙСКОМ ЛЕСХОЗЕ

**Людмила БРАГИНЕЦ, старший преподаватель кафедры биологи и химии**

На базе Аракарагайского лесничества прошло выездное занятие, в котором приняли участие студенты и преподаватели кафедры биологии и химии, работники предприятия и активисты Краснокордонского школьного лесничества.

Программа выездного занятия включала в себя экскурсию на предприятия Аракарагайского лесхоза:цех по переработке сосновой шишки, сушилку, семенной склад, пожарно-лесную станцию; круглый стол с сотрудниками лесничества и активистами Краснокордонского школьного лесничества на тему «Пути решения проблем трудоустройства бакалавров биологии на современном этапе реализации молодёжной политики и программы года молодёжи в Казахстане»; презентацию школьного лесничества, презентацию КГУ имени А. Байтурсынова, которая ставила целью профориентационную работу; брэйн-ринг команды студентов КГУ специальности «Биология» «Лесной дозор» и команды Краснокордонского школьного лесничества «Беркут».

В ходе круглого стола состоялся обмен мнениями о проблемах и перспективах развития сотрудничества в системе «вуз-производство», развитии дуального обучения студентов специальности «Биология» на базе предприятий области, выработке единой тактики и стратегии совершенствования профессиональной подготовки бакалавров биологии в соответствии с потребностями предприятий лесной отрасли Костанайской области, формировании профессиональных компетенций студентов и профессионального долга.

Как известно, в Казахстане статовал Год молодежи. молодёжной политике, а реализацию некоторых направлений наши студенты ощутили на себе уже в этом году: все студенты-первокурсники бакалавриата в этом году обучаются по грантам, как никогда большое число грантов в магистратуре по специальностям «Биология» и «Химия». Увеличилась и стипендия студентов и магистрантов. С другой стороны, и общество предъявляет высокие требования к молодёжи, а потому трудоустройство молодых людей по специальности очень важная проблема.

Об этом шла речь и в выступлении главного инженера лесопожарной службы Андрея Жиляева:

- Для хорошего специалиста необходимы любовь к своему делу, желание работать в селе. Если среди студентов есть такие люди, то руководители Аракарагайского лесхоза рассмотрят возможности их трудоустройства.

Немало эмоций вызвал Брэйн-ринг команды студентов КГУ специальности «Биология» «Лесной дозор» и команды Краснокордонского школьного лесничества «Беркут».

«Мы – студенты КГУ! Наш девиз - «Лес сберегу!» - представились студенты специальности «Биология». «Если лес не сохраним, жизнь исчезнет вместе с ним!»- дружно скандировала команда школьного лесничества «Беркут».

В ходе конкурса школьники и студенты соревновались в знании древесных пород, вредителей леса. В заключительном конкурсе «Банер на въезде в лес» печальным предостережением прозвучал слоган к банеру: «Погубишь лес - будешь покупать воздух!»

Интересное предложение поступило со стороны работников лесхоза о разработке бизнес - проекта по созданию зоны экологического туризма в Аракарагайском лесхозе. В свою очередь, студенты предложили проект по переработке отработанной сосновой шишки на мульчу для укрытия посадочного материала.

Студенты отметили высокий патриотизм жителей посёлка, их огромную любовь к лесу, школе, своей малой родине. Маленький, но очень чистый и благоустроенный посёлок, в котором живут доброжелательные люди, профессионалы своего дела - таков современный Аракарагай. В такой лесхоз с удовольствием поедут на работу наши выпускники.

В целом все участники круглого стола проявили активность и заинтересованность в развитии взаимодействия и сотрудничества в системе «вуз-производство».

# 7 граней Великой степи



**Зината КУЧЕКПАЕВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

В этнокультурном центре «Дом Дружбы» в рамках реализации статьи Президента «Семь граней Великой степи» прошел круглый стол с участием научно-экспертной группы АНК Костанайской области, студентов Костанайского Государственного университета им. А. Байтурсынова, представителей секретариата областной АНК, акимата Костанайский области. Модератором выступил Алимжан Бекмагамбетов – член Ассамблеи народа Казахстана и Совета областной АНК.



Осмысление прошлого - одно из главных условий необходимых для формирования исторического сознания народа и развития самодостаточного Казахстана. Все мы являемся носителями уникального, национального культурного кода. Наша земля без преувеличения имеет огромную историю и культуру, которая заслуживает более пристального внимания и исследования. Статья «Семь граней Великой Степи» не просто обширна, но и познавательна, здесь отобраны семь самых важных, но малоизвестных фактов о казахстанской истории. Первое, всем известно, что Великая степь подарила миру коневодство и всадническую культуру. Это доказывают результаты раскопок в поселении Ботай на севере Казахстана. Одомашнивание лошади дало нашим предкам немыслимое на тот период превосходство, а после произвело крупнейшую революцию в сельском хозяйстве и военном деле. Второе, большое значение для истории казахов и древних народов Евразии имеет Алтай. Испокон веков эти величественные горы не просто украшали земли Казахстана, но и являлись колыбелью тюрков. Именно здесь в середине I тысячелетия н. э. зародился тюркский мир, и наступила новая веха в жизни Великой степи. Третье – это Великий Шелковый Путь. Уникальное географическое расположение Казахстана – в самом центре Евразии – с древних времен способствовало возникновению торговых и культурных связей между Востоком и Западом, Севером и Югом Большой Евразии. Четвертое, научно доказано, что родина яблок и тюльпанов - это тоже нынешняя территория Казахстана, до сих пор на предгорьях Тянь-Шаня растут 35 видов тюльпанов. По Великому Шелковому Пути луковицы цветов распространились на весь мир и теперь на планете произрастают больше 3000 их сортов. Пятое, наиболее ярким элементом наследия древних жителей Казахстана, является письменность, а именно «искусство звериного стиля». Использование образов животных в быту - символ взаимосвязи человека и природы. Наверное, совсем не случайно, что снежный барс отождествляется с суверенным Казахстаном. Шестое, не менее важно то, что казахская земля богата рудниками, и является первым центром появления металлургии. Еще в глубокой древности на землях Центрального, Северного и Восточного Казахстана появились выплавки бронзы, меди, свинца, железа, серебра, и золота. Седьмое, сенсационным открытием для мировой науки стал найденный в Казахстане в 1969 году в Иссыке «Золотой человек». Наши предки создавали художественные творения высочайшего уровня. А золотое обличие воина указывает на уверенное владение древними мастерами техникой обработки золота.

Естественно, что в статье перечислены не все ценности, которые наши предки внесли в копилку мировой цивилизации, здесь делается акцент на тот факт, что сама цифра семь является сакральной цифрой для тюркского народа.

- Статья Н.А. Назарбаева «7 граней Великой степи» является уникальной и, прежде всего, направлена на молодёжь. Современная молодёжь в условиях глобализации, которая со временем будет интегрироваться в мировое, научное, образовательное пространство, определёно должна знать свои истоки, свои корни и гордится ими. В этом плане, сегодняшние спикеры – студенты через призму своего сознания и мировоззрения попытались прикоснуться к этой теме. Подобные диалоговые площадки всегда взаимообогащают всех участников, - заявил модератор, член Ассамблеи народа Казахстана и Совета областной АНК Алимжан Бекмагамбетов.

По моему мнению, проведение таких ярких, наглядных мероприятий способствует развитию интереса у подрастающего поколения к истории и культуре родного края, формированию патриотических чувств к своей Родине.

Интервью

# БЫТЬ ВОЕННЫМ ПОЧЁТНО И ПРЕСТИЖНО

**Алина СЕЙДАХМЕТОВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

Многие молодые люди полагают, что современная армия — это постоянные издевательства со стороны военнослужащих, отслуживших на год или два больше, ежедневные марш-броски по горам, разбитая личная жизнь. На самом деле всё выглядит несколько иначе: военные охраняют периметры заводов, заставы и другие важные стратегические объекты. Армия - это воспитание таких качеств характера как терпение, мужественность, ответственность за те или иные действия или решения. Студенты, которые по тем или иным причинам не служили в армии, но есть желание получить военную профессию, могут пройти обучение на военной кафедре Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова. Поступление на военную кафедру даст возможность получить военное звание офицера и при желании связать свою жизнь с армией.

О перспективах военной кафедры мы говорим с начальником военной кафедры, полковником Олегом Обориным.

**– Олег Леонидович, как вы считаете зачем государству нужна армия в мирное время?**

- Вооруженные силы - это атрибут любого государства. Нет армии, нет понятия государственности. Именно ВС нужны чтобы сохранить суверенитет, территориальную целостность государства, обеспечить устойчивый экономический рост. Как сказал Наполеон: "Народ, не желающий кормить свою армию, вскоре будет вынужден кормить чужую".

**– А как вы думаете, почему в обществе бытует мнение, что молодые ребята не хотят в армию?**

– Я с этим мнением не соглашусь. Наоборот, очень много ребят, которые желают служить в армии. Правда, такая ситуация была в 90-е годы, тогда многие не хотели служить и искали разные способы избежать этого. Сейчас ситуация в корне изменилась, так как контингент призыва уменьшился, армия стала немногочисленной, но мобильной, хорошо оснащенной, качественно изменился ее состав. Служить в вооруженных силах престижно - хороший социальный пакет, достойная заработная плата, обеспечение жильем. Буквально с прошлого года в жилищное законодательство внесены изменения, которые позволяют военнослужащим, прослужившим 8-10 лет, получить бесплатное жилье.

**– Что самое трудное в армии?**

– Подчиняться, выполнять приказы и распоряжения. В армии есть такой принцип единоначалия: командир принимает решения и несет ответственность за принятые решения, другие - должны подчиняться неукоснительно. Этот принцип общевоинским уставом, который утвержден Президентом. Это сложно, потому что не каждый способен выполнять волю другого человека. В армии есть начальники, есть подчиненные. Начальник обязан контролировать, подчиненный - выполнять. Именно эти позиции мы здесь прививаем на военной кафедре.

**– На военной кафедре обучаются и девушки. Как вы думаете чем вызван их интерес к армии?**

– Девушки в погонах есть во всех родах войск. Сегодня они как никогда заинтересованы службой в армии, так как женская половина в большей степени стремится к стабильности, просчитывают будущее. И вообще, сегодня многие девушки интересуются возможностью службы по контракту, поступления в военные учебные заведения. Кроме хороших социальных пакетов, о которых я говорил выше, есть возможность выйти на пенсию раньше, чем на гражданке. Девушки, обучающиеся на военной кафедре, проходят специальную программу военной подготовки: они занимаются строевой, боевой подготовкой, занятиями по уставу, военной топографии и другим военным наукам. С поставленными задачами девушки справляются очень успешно, и я считаю, что многие из них уже подготовлены для дальнейшей службы.

**– Какие перспективы и возможности открывает военная кафедра обучающимся?**

– По окончании обучения выпускникам присваивается воинское звание «лейтенант запаса» и они автоматически зачисляются в мобилизационный резерв Вооруженных Сил РК. Выпускники ВУЗа, получив звание офицера запаса, могут работать по своим гражданским специальностям. Однако в случае необходимости, по соответствующим положениям Министерства обороны, они могут быть призваны на учебные сборы или на другие воинские формирования. Если кто-то изъявит желание проходить службу в ВС, он через отделы по делам обороны, может пойти на службу, заключив контракт. В Вооруженных силах есть примеры, когда генералы не учились в военных учебных заведениях, но были выпускниками военных кафедр, занимают высокие должности в Министерстве обороны. Звание «лейтенант запаса» открывает возможности получения второй специальности. Многие ребята, обучаясь на «мирных» специальностях, мечтают о карьере в силовых структурах, комитете национальной безопасности, органах полиции и прокуратуры. Военный билет и офицерское звание дают такую возможность. Это очень хороший стимул для наших студентов.





**– Возможно, нежелание ребят служить в армии вызвано слабой военно-патриотической работой с молодежью. Что в этом направлении делаете вы ?**

– В прошлом году на нашей кафедре состоялась презентация военно -патриотического клуба. Студент военной кафедры нашего университета Ержан Ахметов был выбран лидером движения «Жас сарбас» Костанайской области. Задача клуба – формирование таких групп во всех школах.

Военно-патриотическое воспитание - это прежде всего воспитание подрастающего поколения в духе патриотизма. Для этого создана рабочая группа студентов, которая будет прорабатывать нормативно-правовые документы, уставы, планы работы и.т.д. Мы планируем проведение слетов, все они направлены на то, чтобы воспитать молодое поколение в духе казахстанского патриотизма. В планах проведение Дней открытых дверей в университете для выпускников школ.

**– Олег Леонидович, и последний вопрос, В феврале военная тематика особенно актуальна, поскольку впереди весенний призыв, в этом году в феврале отметили 30-летие вывода советских войск из Афганистана. Скажите, настоящий мужчина должен служить в армии?**

– Обязательно должен. В законе прописано, что каждого до 27-ми лет, Министерство обороны может призвать на службу. И по моему личному мнению, каждый парень должен отслужить в армии, это если хотите гражданский долг. Ведь мужчина - защитник родины, а какой он защитник если он в армии не был, и не знает что такое оружие и как им пользоваться.




# Встреча с ветеранами Афганской войны

**Регина ХАСАНОВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

Студенты первых курсов юридического, гуманитарно-социального факультетов, а также третий курс факультета информационных технологий в рамках изучения дисциплины "История Казахстана" под руководством доцента кафедры «История Казахстана», кандидата исторических наук Айбека Шалгымбекова встретились с ветеранами Афганской войны. Цель этой встречи - формирование у молодежи чувства любви к Родине и гордости за свое Отечество.

Вывод войск СССР из Афганистана начался 15 мая 1988 года и завершился 15 февраля 1989 года. В войне в Афганистане приняли участие более 22 тыс. солдат и офицеров из Казахстана, погибло порядка 900 человек, 19 – до сих пор считаются пропавшими без вести. Сегодня в нашей республике проживают около 17 тыс. ветеранов афганской войны.

Перед ребятами выступил бывший командир танковой роты, кавалер двух орденов: "За службу Родине в Вооруженных Силах СССР" III степени и Красной звезды - Анатолий Харченко, а так же военные медсестры: Ботагоз Утина, Сауле Ержанова, Галина Борисова. Воины-афганцы рассказали студентам о войне, присяге и о тех страшных днях, которые им пришлось пережить. Неизгладимые моменты прошлых лет навсегда остались в сердцах ветеранов- интернационалистов.

Стоит отметить, что Анатолию Харченко предложили издать книгу о годах службы в Афганистане. Ветеран уже написал для своих внуков две рукописи, одна из которых является автобиографической.

На встречу пригласили солиста Костанайской областной филармонии имени Умурзакова Владимира Пыжевского, который исполнил песни военных лет.

Напомним, что в этом году отмечается 30 лет со дня вывода советских войск из Афганистана.

# KGU CUP – XIII

**Аякөз ҚОЖАБЕКОВА,**
***ГӘФ Журналистика мамандығының 2 курс студенті***

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай Мемлекеттік университетінде дәстүрлі «KGU CUP» пікірсайысының XIII турнирі өтті. ҚМУ ректорының кубогі үшін тартысқа республика бойынша, сонымен қатар көршілес Ресейдің де командалары қатысты. Турнирде мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылған маңызды мәселенің бірі 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу жайы пікірталас өзегіне айналды. Еліміздің әр түкпірінен келген жастар аталмыш қадамның қазақ елінің ілгері жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, халқымыздың жан-жақты дамуына жемісі мен жеңісін әкелетінін дәріптеуге тырысты. Келесі қозғалған тақырып – 2019 жылдың «Жастар жылы» болып бекітілуі.

Оқу орнының тәрбие жұмысы жөніндегі басқарма басшысы Гүлнар Беркенова университеттің имиджіне айналған бұл іс-шараның жыл сайын өткізілетінін және Жастар жылында маңыздылығы арта түскенін айтты. Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Марат Жұрқабаев турнир қонағы болды. Ол пікірсайысшыларға сәттілік тіледі және жастарға қолдау көрсетуге әрқашан әзір екенін жеткізді.

Турнирге Алматы, Астана, Шымкент, Қостанай, Павлодар, Орал, Ақтөбе қалаларынан өтініштер қабылданып, қазақ лигасы бойынша 72, орыс лигасы бойынша 56 спикер қатысты. Төрешілер құрамында қалалық, облыстық және республикалық турнир жеңімпаздары болды.

Турнирдің ашылу салтанатында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік университетінің Жастар бастамаларын дамыту орталығының меңгерушісі Орынбай Әлиев сөз сөйлеп, киелі білім ордасының тарихына тоқталды, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі. Кейін пікірсайысшылар облыстық тарихи өлкетану мұражайын аралап, өңіріміздің тарихымен танысты және жастар арнайы топқа бөлініп, спорттық сайыста да мықтылықтарын дәлелдеді. Республикалық турнир пікірсайысшылар мен төрешілердің брифингімен ашылды. Тартысты өткен республикалық пікірсайыс турнирінің қорытындысы бойынша талантымен ерекшеленіп, жоғары нәтиже көрсеткен Ақтөбе мен Алматы қаласының пікірсайысшылары, «Бізге Құдай ғана төреші» фракциясының өкілері – Нұркен Жәкен мен Әйкерім




Әбдіғалыға А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай Мемлекеттік университеті ректорының арнайы жүлдесі табысталды. Қазақ лигасы бойынша III дәрежелі дипломмен Орал және Астана қаласының пікірсайысшылары Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті Азамат Махамбет пен Ж.Досмұхамедов атындағы жоғарғы педагогикалық колледжінің студенттерінен құралған «Қостанайда таныстық» командасы, II дәрежелі дипломмен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті студенттерінің «Скаймаг пен Ланая» тобы, Жанбота Пашен мен Рахим Шахзадаев марапатталды. Республикалық пікірсайыс турнирінің «Үздік спикер» номинациясы бойынша Жанбота Пашен, «Үздік төреші» номинациясына Нәзира Асан лайық деп танылды.

Орыс лигасы бойынша жүлделі орындар реті төмендегідей: турнирдің жүлдесі Уфа қаласынан келген пікірсайысшылар Кирилл Ларионов пен Шамиль Зариповка берілді. «Үздік спикер» жүлдесі Көкшетаулық Дәулет Айкеновке, «Үздік төреші» марапаты өзіміздің инженерлік-техникалық факультеттің 4 курс студенті Станислав Печниковқа бұйырды. «Жастар финалының» үздіктері – Мадина Ибрашева, Залина Баимбетова.

Турнир соңында қатысушылар екі елдің пікірсайысшылары әр кез осындай ынтымақтастықта болады деген үміт білдірді.

## ОҚЫРМАНЫ КӨП КІТАПХАНА

# *Барлық білім – кітапта*



**Айдана ТАЛҒАТҚЫЗЫ,**
***ГӘФ Журналистика мамандығының 2 курс студенті***

Техника қарыштап дамыған заманда жастарды таң қалдыру қиын. Қарапайым мысал, қазіргі уақытта қоғамдық көлікте немесе қоғамдық орындарда газет не кітап оқып отырған адамды кездестіру екіталай. Дегенмен, кітап қашан да ең жақсы ақылшы, ал кітапхана – білім мен ғылымның, мәдениеттің орталығы болып қалатыны сөзсіз.

Қостанай мемлекеттік университетінің «Білім орталығы» ғылыми кітапханасы – оқырмандарының ақпараттық сұранысына сай қор жинақтап, ақпарат көздерін барынша пайдалануға толық мүмкіндік жасап отырған облысымыздағы ірі кітапханалардың бірі. Әрбір адамның ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету аталмыш кітапхананың басты мақсаты. Соңғы он жылдықта кітапхананың қызмет көрсетуінде компьютерді, сандық жүйелер мен ғаламторды қолдануға байланысты маңызды өзгерістер пайда болды. Қазір кез-келген кітапхана озық технологияның мүмкіндіктерін пайдаланады.

«Білім орталығы» 2006 жылдың қыркүйек айында ашылған. Қазіргі таңда тұрақты оқырмандары бар өзге кітапханалардан артық болмаса, кем емес. Мұнда үш абонемент, бір оқу залы, internet залы, дәріс және әдебиет залы, жеке жұмыс жасау үшін арнайы кабиналар, университеттің әр факультетінде орталықтың оқу залдары бар. «Білім орталығының» меңгерушісі Жәмила Ержанованың айтуынша, оқимын деген студент үшін қолайлы жағдай жасалған. Оқу мен ғылымға қажетті әдебиеттер кітапхана қорында жеткілікті және қолжетімді. Орталыққа күніне мыңға жуық оқырман келеді. Студенттер бұл жерде өздеріне қажетті кітаптың түпнұсқасымен қоса, электрондық нұсқасын да пайдалана алады. 120 мыңнан астам жазбалары бар электрондық каталогпен университеттің корпоративтік желісіндегі кез-келген компьютерден шығып, жұмыс істеуге болады.

Факультеттердің көмегімен орталық қызметкерлері «Кафедра күндерін» және күнтізбедегі айтулы мерекелерге орай арнайы іс-шаралар өткізеді, көрмелер ұйымдастырады. Білім орталығы өз қызметін университеттің мақсаттары мен жоспарларына сәйкес қалыптастырады. Кітапхана жұмысының ажырамас бөлігі - идеологиялық-тәрбие жұмысы. Шаралардың басым бағыттары - халықаралық және патриоттық тәрбие, саяси мәдениетті тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау. Орталықта оқырман конференциялары, брейнрингтер, әдеби кештер, сұрақ-жауап кештері, дөңгелек үстелдер, ауызша журналдар, өңірдің шығармашылық интеллигенциясымен кездесулер жиі өтіп тұрады. Сондай-ақ «Кітапхана түндері» бірнеше мәрте өткізілді. Кітапхана қызметкерлері тәжірибе жинақтау, сонымен қатар жаңа әдістерді үйрену мақсатында Назарбаев университеті, ҚазЭУ, Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық кітапханасында, көршілес мемлекет Ресейдің Челябі қаласының мемлекеттік мәдениет және өнер академиясында арнайы дайындық курстарынан өтеді.

«Білім орталығы» - студенттердің қасиетті ордасы, кітап сүйер қауымының сүйікті мекеніне айналды.

# Келелі кездесу

Онбірінші ақпан күні оқу ордамыздың ректоры Алма Дощанова ҚМУ-нің белсенді студенттерімен кездесті. Бұл университеттің жаңа басшысының жастармен алғашқы кездесуі. Жоғарғы студенттік кеңес өкілдері, ЖОО-ның бетке ұстар спортсмендері мен дарындары бас қосқан жиында осы уақытқа дейін жасалған жұмыстардың нәтижесі мен алдағы жылдарға жоспарлары тыңдалды. Жастар ректормен университет қабырғасында жүзеге асырылғалы келетін жобаларымен, жоспарларымен бөлісті, ұсыныстарын айтты. Мәселен, ақпараттық технологиялар факультетінің 3 курс студенті Заманбек Жақсылықов оқу орнында киберспорт клубын ашуды ұсынса, Дияз Губайдуллин студенттік фото-видео студиясын ашу қажеттігін алға тартты. «Ахмет Ұрпақтары» пікірсайысшылар клубының президенті, гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің 4 курс студенті Азамат Қамза қалалық пікірталас бірлестігінің қауымдастық орталығын аймақтағы ең ірі және беделді оқу орнында, яғни ҚМУ-да ашу



керектігін айтты. Жастардың пікірінше мұндай бастамалар оқудан тыс уақытта қалтасына қолын салып жай жүрген студенттердің қызығушылығын тудырады. Тіпті өмірлік кәсібін табуға көмектесуі мүмкін дейді. Ал оқу орнының ректоры Алма Дощанова мүмкіндігінше жастарды қолдауға әзір екендігін жеткізді. Студенттерге оқуда, ғылымда, өнерде жетістіктер тіледі.

# Өнерлілер сайысы

**Нұрай САПАРБЕКОВА,**
***ГӘФ Журналистика мамандығының 1 курс студенті***

ҚМУ-нің «Өнер» студиясында көрнекті сазгер Шәмші Қалдаяқовтың әндерін орындаушылардың арасында сайыс өтті. «Бақыт құшағында» атты өнер додасын вокал үйірмесінің жетекшісі Гүлсім Бейсенбаева ұйымдастырды.

Шәмші Қалдаяқов – аты алты алашқа әйгілі, қазақ халқының мақтанышы, қалың жұрттың сүйіспеншілігіне бөленген тума дарын иесі. Ол – белгілі сазгер, ән жанрының майталманы, қазақ эстрадасының негізін салушы, әрі Қазақстанның халық әртісі. Композитордың әндері республикамыздың қай өңірінде болмасын жиі айтылып, ән сүйер қауым арасында кең тараған.

Шәмшінің рухты әуендері әрбір жанды тебірентпей қоймайды. Оның әндері тыңдарманның жүрегіне жетіп, көңілінен шығып жатады. Дәл осындай жылы сезіммен «Өнер» студиясының жастары өз ара бақ сынасты. Өнерпаздар Ш.Қалдаяқовтың бір әнін таңдап, нақышына келтіріп орындауы керек болды. Ең басты қойылған шарт – үміткерлерлердің жанды дауыста ән шырқауы. Жарысқа қатысқан студенттердің сахна мәдениетін, киім кию үлгісін жақсы меңгергені, сазды әндерді әуелете шырқауға тырысқандары көрініп тұрды. Сазгердің көпшілік сүйіп тыңдайтын «Ақмаңдайлым», «Арыс жағасында», «Кешікпей келем деп ең», «Құшақ жайған қандай адам», «Ақ бантик», «Ана туралы жыр» сияқты әндері орындалды. Сайысқа әр факультеттен он екі студент қатысты. Байқауға айрықша леп әкеліп, ерекше көзге түскен үш жүлдегер мақтау қағазымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бірінші орынды экономикалық факультеттің 3 курс студенті Ақжол Кәрім жеңіп алды, екінші орынды инженерлік-техникалық факультетінің 4 курс студенті Ерболат Ерланов иеленсе, үшінші орынға заң факультетінің 1 курс студенті Нұрсұлтан Жұмақан лайықты деп танылды.

ЗИМНИЙ БАЛ

# СКВОЗЬ ВРЕМЕНА

**Зината КУЧЕКПАЕВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

В ресторане Premium Palace состоялся ежегодный зимний бал "Сквозь времена", направленный в поддержку детям страдающим тяжелыми заболеваниями. В последние дни февраля Костанайский Государственный университет им. А. Байтурсынова на протяжении нескольких лет по традиции проводит благотворительный бал.

Ежегодный зимний благотворительный бал проводится с целью привлечения внимания студентов нашего вуза к детям, которые страдают тяжелыми заболеваниями. Милосердие и благотворительность, терпимость к ближним – вот те качества, которые воспитывают такие мероприятия у современного молодого поколения. Радует, что свою лепту в благотвориельную помощь оказывают студенты нашего вуза.

В этом году бал посвящён Аяту Бекентаеву, родители которого работают в нашем университете. 6 – летний мальчик страдает серьезным заболеванием и нуждается в постоянном лечении. К сожалению, в настоящее время Аят находится в больнице и по этой причине ни он, ни его родители не смогли присутствовать на этом вечере.

Чтобы поучаствовать в таком добром деле и внести свой вклад, на всех факультетах прошли благотворительные аукционы. Студенты продавали различные поделки, рисунки, а также предметы собственного изготовления.

- Одной из уникальных особенностей бала является благотворительный аукцион. За 5 лет организации бала были представлены уникальные аукционные лоты. Нас поддерживают студенты, преподаватели и сотрудники университета. Помимо домашней выпечки, всегда на аукционе представлены предметы ручной работы, выполненные самими студентами и сотрудниками вуза. Аукцион прошел на всех факультетах, а деньги от продажи уже были переданы семье Бекентаевых, - сказал специалист Центра развития молодежных инициатив Ануар Букабаев.

Как и деньги, которые будут собраны от благотворительного бала. Напомним, зимние балы проводятся в университете около 10 лет, но только 5-й год они носят благотворительный характер.

Зимний бал - самое ожидаемое событие для наших студентов. Оно соединяет в себе желание быть причастным к жизни человека, которому нужна помощь, и с другой стороны показать свои таланты. Особенно в год молодёжи студенты должны быть активными во всех добрых и значимых делах. Студенты всех факультетов порадовали гостей своими изысканными и впечатляющими номерами. Особенностью данного бала является конкурсное исполнение студентами КГУ разных видов вальса. Гостям посчастливилось увидеть фееричное исполнение королевского, классического и современного вальсов. В каждом вальсе была своя изюминка. Первый танец - королевский, он поразил гостей своей оригинальностью и тематическими костюмами. Классический вальс представили утонченные как лебеди девушки и их кавалеры. А современный - напомнил зрителям трагическую историю любви Джека и Розы из фильма "Титаник", а наряды девушек ассоциировались цветом глубокого тёмно - синего океана.

Еще одна старая добрая традиция — чередование вальса театрализованными номерами-визитками. Тематика бала — "Сквозь времена". В этом году каждому факультету предстояла задача показать разные танцы и песни былых времен. Ребята путешествуя по машине времени позволили ощутить гостям атмосферу давно ушедшего прошлого и яркого настоящего.

Каждое десятилетие двадцатого века оставило в памяти народа свой неизгладимый след. Сплоченные, храбрые и мужественные перед лицом зла и опасности в годы войны, эти эмоции смогли передать в своем танце студенты факультета информационных технологий. Рок-н-ролл, безудержные танцы, блистательный Голливуд - всё это стало ярким воспоминанием о 50-х годах прошлого столетия, студенты экономического факультета сумели передать колорит того воремени в своем выступлении. Эпоху джаза и веселья продемонстрировал факультет ветеринарии и технологии животноводства. Яркие 70-е годы ассоциируются у студентов юридического факультета с советскими кинокартинами, такими как "Джентельмены удачи", "Москва слезам не верит" и другие. Поразило выступление ребят из гуманитарно-социального факультета, которые представили бунтарные 80-е. Фееричное выступление Майкла Джексона, Фреди Меркьюри, группы "Мираж" оставили за собой яркие эмоции. Завершали творческие визитки студенты аграрно - биологического факультета, представив романтичные 2000-е. Этот период особенно бесценен, тем, что это время появления айрэнби, танцевального направления тиктоник.

На балу были представлены классический, королевский и современный вальс, постановкой которых занимались сами студенты. Жюри, в составе которого были основатель школы координаторов АЛ КСТ Айжан Жумабаева, хореограф студии «Өнер» Ғалым Бертағыұлы отметили хороший уровень постановки и исполнения танцев. Лучшей парой в королевском вальсе оказалась пара Гаухар Наурыз и Абылайхан Раймбай (АБФ). Анна Борисова и Али Тажиев (юрфак) стали лучшими в классическом вальсе, а современный вальс лучше всех исполнили Бахытжамал Айтмухамбет и Багдат Аманжолов (экономфак).

Всех гостей порадовали музыкальные номера в исполнении Орынбая Алиева и Индиры Кабдысалыковой, сольное выступление Гаухар Рустемкызы и Аины Сабигиной.

- Я считаю, что такого рода мероприятия развивают человека духовно, это ещё новые знакомства и впечатления. Так как это благотворительный бал, мы помогаем тому, кто в этом нуждается. Это долгожданное мероприятие к которому мы готовились два месяца и думаю мы показали хорошее выступление - рассказывает участница Анастасия Тян, студентка ГСФ.

После яркой и интересной программы жюри наградило победителей.

Бал состоялся благодаря спонсорской поддержке, в качестве которых выступили Парфюмерия «EYFEL», сеть ресторанов быстрого питания «BurgerKing», магазин корейской косметики «It`sskin», развлекательный центр «ТутоКруто», «ToleshStudio», ресторан «Premium Palace».









ИЗУЧАЕМ ЯЗЫКИ

# АМЕРИКАНСКИЙ УГОЛОК

**Елизавета ЧИГЛИНЦЕВА, студентка 1 курса ГСФ специальность «журналистика»**




Все мы знаем про нашу любимую библиотеку «толстовку». Каждый день ее посещает большое количество людей, от школьников до пенсионеров. Но как оказалось в библиотеке не только читают. В «толстовке» находится американский уголок для желающих улучшить знания английского языка. Английский язык давно вышел на международный уровень, это тем более актуально в нашей стране, где активно пропагандируется программа трехъязычного обучения. Английский язык называют языком возможностей. Этому есть множество причин, так как этот он открывает двери в три важные сферы: в профессиональную, увлечения и образование. Учить английский стоит еще хотя бы затем, что, зная его, вы сможете путешествовать по англоязычным странам и не будете переживать о том, что заблудитесь, не сможете объясниться с местными жителями, вызвать себе такси или просто купить еду. Зная английский язык, вы сможете читать новости и другие материалы из большого количества источников. В вашем распоряжении сразу окажутся известные издания американской и британской прессы, крупнейшие новостные сайты и телеканалы. Английский – это международной язык науки. Большинство открытий и передовых исследований переведены на английский язык. Ученые со всего мира публикуют свои работы в престижных научных изданиях. Если вы работаете или учитесь в сфере фармацевтики, инженерии, медицины и компьютерных технологий, вы почерпнете для себя много нового и полезного в оригинальных публикациях. Если выучить английский то, можно насладиться в оригинале работами величайших писателей, поэтов и драматургов. Произведения заиграют новыми красками, мы сможем прочувствовать всю красоту английской поэзии. Даже самый качественный перевод не в состоянии отразить все смысловые оттенки, игру слов и междустрочные намеки, которые автор вложил в свое произведение. Еще одна причина выучить его – возможность получить доступ к бесплатным образовательным программам. С помощью английского языка мы можем обучаться в других странах. Интернет как никогда расширил возможности связи, теперь можно легко общаться с человеком из любой страны. Знание английского поможет найти интересных друзей и расширить круг знакомств. Сегодня повсюду используется английский язык – бизнес, путешествия, наука, обучение, интернет, фильмы и в наше время английский можно учить самостоятельно дома с помощью видео уроков, заниматься с репетиторами, посещать курсы. Такие как, например, информационно ресурсный центр «Американский уголок», который открылся в 2009 году. Идея согдания клуба принадлежит Анне Блюм, Татьяне Зуевой и Ксении Черневой, выпускники нашего университета. Здесь же проходили курсы разговорного языка носителями. В качестве них выступали иностранцы из Америки и посольства США волонтеры Корпуса мира, но эту программу закрыли в 2012 году. Программы обучения постороены в клубе таким образом, что любой желающий сможет посещать эти занятия, но целевая аудитория - это студенты. Курсы проходят бесплатно, но по завершению курсов сертификаты не выдаются, так как это не образовательное учреждение. В свою очередь волонтеры оказывают помощь в проведении курсов, большинство из которых студенты Костанайского Государственного университета. Они проводят занятия по своей методике. Занятия проходят по воскресеньям, что очень удобно как для учеников, так для с.итудентов. Стоит отметить интерьер это помещения, который напоминает далекую и близкую Америку. Заниматься в таких условиях очень интересно. Все ресурсы: мебель, литература, техника - спонсируется Посольством США в Казахстане. Этот проект старается привлекать молодежь, которая хочет реализоваться, проявить себя, в этом они и оказывают огромную помощь. Действительно, они помогают многим учащимся, студентам улучшить качество знания английского языка.

ПУТЕШЕСТВИЕ

# Work and Travel: мифы и реальность

**Виктория АВГУМБАЕВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

Программа Work and Travel — популярное туристическое направление, которое относят к деловому туризму. Вся суть в, общем-то, в самом названии: работа и путешествия. Попробуем вместе с Дарханом Кусулбаевым - координатором программы по Костанайской области, развеять мифы, которых вокруг этой программы предостаточно и разобраться в том, кому подходит такой вид путешествия.

**МИФ 1.**

«Work and Travel» – это компания, которая отправляет студентов в США. На самом деле, это программа сотрудничества Соединенных Штатов с другими государствами по культурному обмену, для осуществления которой существуют посредники (спонсоры) – в США и в стране обмена (в данном случае, в Казахстане). То есть студент не может сам по себе поехать в США, только через посредников. Так вот, в Казахстане – не одна компания, которая занимается Work and Travel – их несколько десятков. Полный список вы можете посмотреть в ссылках нашей группы – список аккредитованных в посольстве США компаний, клиенты которых могут проходить собеседование в посольстве.

**МИФ 2.**

Вы не можете ехать в США летом, если вам 17 лет. По законам США нет особой разницы, сколько вам лет – 17 или 18, для участия в программе Summer Work&Travel. Если у вас есть взрослый загранпаспорт – вы можете ехать в Штаты. Многие наши клиенты без проблем получают загранпаспорта в 17 лет. Если вы не знаете, как это сделать – обратитесь к нам за консультацией.

**МИФ 3.**

По программе Work and Travel USA нельзя ехать вечерникам. Многие компании просто не решились работать с такими студентами. При этом они не только отказывают таким клиентам, но и вводят в заблуждение – мол, забудьте, это не для вас. У нас же есть положительный опыт прохождения посольства нашими клиентами-вечерниками, и мы считаем, что это неэтично – говорить людям, что это невозможно. Главное – желание.

**МИФ 4.**

Ехать лучше всего через большую компанию. Да, с одной стороны, большая компания – это определенное клише, статусность, отзывы. С другой стороны, процесс работы с клиентами (этапы подготовки клиента к прохождению собеседования в посольстве) – у всех стандартный, и компании не имеют право менять его.

На каждом этапе у клиента появляются какие-то вопросы, мелочи жизни и т.д. Сможете ли вы лично общаться с менеджерами в большой компании по любой мелочи – вопрос, ведь менеджеров мало, а студентов – несколько сотен или даже тысяч. В средних и маленьких компаниях отношения с клиентами более дружественные и теплые, все всех знают в лицо и понимают, к кому обращаться с вопросами, проблемами. Это не конвейер.

Опять же, нужно понимать, что ехать можно через любую компанию, но при этом она должна соответствовать определенным критериям и иметь определенные документы.

**МИФ 5.**

Английский должен быть идеальным.

Некоторые приходят в офис для прохождения теста английского языка с полной уверенностью, что они его завалят и лучше бы это делать не сразу, а когда немножко его подучат. При этом, после прохождения тестов мы понимаем, что у людей Upper Intermediate или Advanced уровень языка.

В среднем, вопросы на собеседовании сводятся к следующим:

1. Как тебя зовут, кто ты?
2. Где учишься, специальность, факультет, курс обучения, название ВУЗа?
3. Твои хобби, увлечения?
4. Куда ты едешь в США, и чем будешь там заниматься, где работать?
5. Зачем ты едешь в США, какие твои цели, как это поможет тебе в будущем?

Вот и все! Если вы можете ответить на эти вопросы на английском - пусть без грамматически правильного построения предложений (на это не особо обращают внимание, больше на уверенность смотрят) – вы можете ехать без проблем.

**МИФ 6.**

Процент получения виз.

Многие компании не хотят работать с «проблемными» клиентами. К ним относятся: заочники, вечерники, студенты техникумов, люди с болезнями, иностранцы, студенты старше 23 лет, студенты последних курсов и т.д. При этом ответ категоричен – вы не получите визу, забудьте о США.

Мы считаем это неправильным. Work and Travel – это единственная возможность для 90% людей в молодости попасть в США, и провести незабываемое лето. Да, конечно, шансы на получение визы у этих категорий студентов – не 95-99%, но и не 10-15%, как многие говорят. Все зависит от многих факторов, каждый клиент – отдельная история. Если есть жгучее желание, то можно собрать дополнительные документы, убедить консула, свернуть горы и полететь в Космос И мы можем привести не один пример таких людей.

Стоит рискнуть, если есть хоть один шанс, потому что после студенчества – может и одного шанса не подвернуться.

**МИФ 7.**

Вы должны ехать только туда, куда вам скажет компания. Компания ОБЯЗАНА предоставить выбор хотя бы из нескольких вариантов. Если компания требует ехать в конкретное место – значит что-то не так. Или компании выгодно отправлять студентов на конкретную вакансию, или просто других вакансий нет, или им не хочется заниматься их поиском. Нам звонили и рассказывали, что некоторые предлагают только Аляску, другие – только Housekeeping. Вы имеете право выбора!

**МИФ 8.**

Авиабилеты и их стоимость. Компания не может требовать покупать билеты через них. Если требует – в этом конкретная заинтересованность, и билеты явно будут дороже, чем, если бы вы сами искали. Компания может предложить выбор – вот наша цена на твои билеты, хочешь – покупай, не хочешь – ищи сам.

**МИФ 9.**

Никто, слышите, никто не может дать гарантии того, что визу дадут или не дадут. Независимо от того, какой у человека пакет документов, в какой компании он регистрировался, на какую работу он едет, каким уровнем языка владеет, как прекрасно выглядит, как широко улыбается и т.д.

**Миф 10**.

Если я на первом курсе, то обязательно должен закрыть сессию до конца апреля, иначе в посольство не пойду. Опять же, это все выдумки компаний - их личные ограничения. Официально такого правила нет. Да, бывает, консул на собеседовании с первокурсником говорит что-то типа "Визу я тебе даю, но мы тебе напечатаем ее в паспорт, если ты принесешь зачетку с закрытой летней сессией". Это бывает обычно со студентами, у которых есть несоответствие возраста с первым курсом. У консула, естественно, возникает вопрос "Почему ты на 1-м курсе в 20 лет (например)?". Он может подумать, что вы специально поступили в университет, чтобы уехать в США и остаться там. Бывают и другие предубеждения, но это не страшно. Получили такой ответ, пошли сдали сессию, пришли в любое (!) время в посольство (уже без проплаты консульского сбора и т.д.), отдали зачетку - и через пару дней у вас на руках паспорт с визой!

WORK AND TRAVEL дает возможность получить настоящий жизненный опыт. Исходя из практики, все участники, прошедшие программу, становятся самостоятельными, независимыми и целеустремленными. И это понятно, ведь неоценимые новые знания, сведения и навыки они получают из собственного ежедневного опыта, общаясь с представителями незнакомой культуры. Опыт, который приобретается нашими студентами в США, заставляет их взглянуть по-другому на окружающий мир и свое место в нем. Участие в программе Work and Travel позволяет полностью раскрыть новые возможности, научиться самостоятельности и независимости, стать успешными и сильными людьми.

# ҒАЛЫМ БОЛЫП ТУМАЙДЫ...

Сұхбаттасқан Әйгерім
ШАЯХМЕТОВА
ГЭФ Журналистика
мамандығының 3 курс студенті

Бүгінде ветеринария саласында, жалпы ғылымда жаңалықтар көп. Ветеринар мамандардың да қатары толығып, үздіктер күннен-күнге көбеюде. Бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда біздің Қостанай мемлекеттік университетінің де қосқан үлесі зор деп ауыз толтырып айта аламыз. Олай дейтініміз, ветеринария және мал шаруашылығы технологиялары факультеті студенттерінің білім көрсеткіші мен оқытушылардың, профессорлардың кәсіби деңгейі жоғары. Ветеринарлық медицина кафедрасының профессоры, ветеринария ғылымдарының докторы Муафик Каметайұлы Мұстафин жақында «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Профессорды ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев құттықтаған болатын.

Муафик Мұстафин 1949 жылы 10 қыркүйекте дүниеге келген. Троицк қаласындағы ветеринарлық институтты тәмамдап, кейін ветеринарлық зертханаларда, ауылдарда, аудандарда мал дәрігері және совхоз директоры қызметтерінде болған. 2012 жылдың желтоқсан айында Парижде өткен халықаралық семинарға қатысқан, 2014 жылы Алматы қаласында өткен «Білім мен ғылым – біздің болашағымыз» халықаралық конференциясына ат салысты. Қазіргі таңда 7 ғылыми еңбектің авторы, 100 –ге тарта ғылыми мақалалары жарық көрген. Сонымен қатар «ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» төсбелгілерімен марапатталды. Ал 2003 жылы ҚР Президентінің алғыс хатын иеленген.

## ТӘЖІРИБЕ КЕРЕК...

**– Муафик Каметайұлы, соңғы бесжылдықта ветеринария және техникалық мамандықтарға мемлекеттік гранд басқа салаға қарағанда көбірек бөлінеді. Түлектеріңіздің жұмысқа орналасуы қалай?**

– Біздің аймақ ауыл шаруашылық саласының қайнар көзі іспеттес. Оны айтып дәлелдеудің де қажеті жоқ. Жалпы елімізде мал шаруашылығына, әсіресе аграрлық салаға көп көңіл бөлінеді. Мемлекеттік білім гранттары да ауылшаруашылығын дамыту үшін білікті мамандарды әзірлеуге бөлініп жатыр. Ауылдарға жұмысқа баруға бел байлаған жастарға мемлекет қаржылай көмек көрсетеді, баспанамен жәрдемдеседі. Әйтсе де ауылдық елді-мекендерде қызмет етуге даяр жастар аз. Қайта үлкен қалаларда қалғысы келеді. Бірақ мамандықтың «ыстығы мен суығына» шыдай білген, тәжірибе жинаған жас маман ғана биік белестерді бағындыра алады деп ойлаймын. Ал біздің факультеттің түлектерінің мамандығы бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші жаман емес.



## ҚАЛАУЫН ТАПСАҢ, ҚАР ЖАНАР

**– Студенттердің алған мамандығы бойынша қызметке орналасуы үшін не істеу керек деп ойлайсыз?**

– Жас маманның ең алдымен материалдық жағдайын ойластыру керек. Жаңа жұмыс орнында мұқтаждық көрмейтінін білген жастар сонда ауылға қарай қадам жасайды.

Ауылдық жерлерде ветеринар мамандар ауадай қажет. Сондықтан білікті, әрі өз жұмысын сапалы істейтін маман тәрбиелеу – оқу орнының міндеті. Біз бұл міндетімізді күшімізді, уақытымызды аямай орындауға тырысудамыз. Факультетте 6 профессор, 5 phd доктор, 25 магистр қызмет етеді. Зертханалар мен ветеринарлық клиникамыз, шаруашылығымыз тағы бар. Бір сөзбен айтқанда, студенттердің сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған.

## ВЕТЕРИНАР МАМАНДАР ҚАЛАДА ДА, АУЫЛДА ДА ҚАЖЕТ

**– Ұлттық статистикалық қордың мәліметінше елімізде ветеринарлық мамандықта жұмыс істейтін қызметкердің орташа жас мөлшері 50 жасты құрайды екен. Неге бұл салада жастар аз деп ойлайсыз?**

Ветеринария саласында жастар жеткілікті деп ойлаймын. Бұл саланың көрсеткішін Кеңес үкіметі кезіндегі пайызбен салыстырады. Қалай десек те ол кезде ауыл шаруашылығының ең дамыған уақыты болды емес пе? Сондықтан мұндай мамандықтарға сұраныс көп болды және ел ішінде мамандардың беделді де жақсы еді. Бүгін де ауылшаруашылығын дамытам дегендерге мемлекет көмек көрсетуге даяр. Арнаулы несиелер мен субсидиялар қарастырылған. Жеріміз қандай бай, құнарлы, жайылымдық жерлер көп! Егін егемін дейсіз бе, мал өсіремін дейсіз бе, мүмкін баубақша отырғызғыңыз келетін шығар, өз еркіңіз! Бұл түлектердің барлығы тек ауылда қызмет етуі керек деген сөз емес. Кейбірі ғылыммен айналысуы мүмкін, енді бірі қаладағы ветеринарлық клиникаларда жұмыс істейді. Сондықтан елімізде ветеринар мамандарды дайындау барысына ерекше көңіл бөлуіміз керек. Осы мамандыққа мемлекеттік тапсырысты арттыру, құс шаруашылығы, ара шаруашылығы, ихтиология және ветеринарияның басқа да бағыттарын ашу арқылы мамандықты тереңдете оқуға жағдай жасау қажет. Сондай-ақ университет қабырғасында жүргенде студенттерге мамандықтың тиімді тұстарын нақты жеткізе білуіміз керек деп есептеймін. Әрине жас мамандар да жоғарғы оқу орнында алған білімімен тоқталып қалмау керек, жаңашылдыққа ұмтылғаны абзал, заман талабына сай озық технологияларды меңгеріп, жануарларды емдеудің жаңа әдістерін үйренуі тиіс.







# Мен таңдаған мамандық



Заман өзгерісі қашан да жаңа ұрпақтан танылатыны белгілі. Сол себепті қай ұлтты алып қарасаң да ең алдымен жастарын дұрыс тәрбиелеуге тырысады. Сапалы білім алуға, бәсекеге қабілетті маман болуға бағыттайды. Мұндай елдердің қатарында Қазақстан да бар. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жастарымыздың болашағына бейжай қараған емес. Әрбір жолдауында жастарды дәстүрді ардақтап, соған сай қызмет ететін, өз елінің тарихын жетік меңгерген талапты тұлға ретінде қалыптастыру керектігін айтып, әрқашан кейінгі ұрпаққа қолдау көрсетіп келеді. Мемлекетімізде жан-жақты білім аламын деген жас буынға барлық жағдай қарастырылған. Олардың қандай саланы таңдайтыны өз еркінде. Дегенмен, Президентіміз бүгінде техникалық мамандықтардың азайғандығын алға тартып, жастарды мектеп қабырғасынан осындай салаларға баулу қажеттігін айтқан болатын.

Инженер мамандарды даярлайтын жоғарғы оқу орындарының қатарында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті бар. Қазір инженерлік-техникалық факультетінде 651 студент (54 сырттай бөлімде), 141 магистрант және 10 докторант білім алып жатыр. Олардың 76 пайызы мемлекеттік грант негізінде оқиды. Факультет облыстың белді өнеркәсіптерімен, шаруашылықтарымен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Студенттер мен оқытушылар кәсіпорындарда біліктіліктерін арттырып тұрады. Тәжірибеге сүйенген теорияның арқасында түлектеріміз жақсы жұмыстарға орналаса алады.

Дәл осы тұста елімізге қажетті, бүгінгі күні сұраныска ие мамандықтардың бірінде, «Инженерлік-техникалық факультетте» білім алып, мамандығын мақтан тұтатын университетіміздің белсенді түлегі Азамат Қалиев жайында сөз қозғағым келіп отыр.

Азамат Арқалық қаласында дүниеге келген. А.Құнанбаев атындағы №6 орта мектепте 9-шы сыныпқа дейін оқып, қаладағы Торғай аграрлық-техникалық колледжде «Электр–механик» мамандығы бойынша білім алған. Колледжді аяқтаған соң бір жыл Арқалықтағы ГКП КЮЭС-те «Электромонтер» болып жұмыс жасайды. Кейін білімін тереңдету мақсатында Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Белсенділігімен көзге түскен студент факультетінде студенттер деканы болып тағайындалады. Содан бастап ол университеттегі түрлі шараларды ұйымдастырып, оқуын тәмамдағанша өзін тек жақсы қырынан көрсете білді. Қазіргі таңда талапты жас оқу ордамыздың 2-ші курс магистранты. Магистратураның бірінші жылында ҚМУ-нің Жастар бастамаларын дамыту орталығының маманы болып қызмет істеп жүрген Азаматқа Қостанай жылу энергетикалық орталығынан ұсыныс түсіп, оқып жатқан мамандығы бойынша жұмысқа орналасты.

Әр ісін асқан жауапкершілікпен атқаратын білікті маманға түрлі мекемелерден шақырулар көптеп келеді. Жақында «KEGOC» Қазақстанның электр желілерін басқару жөніндегі компаниясына жұмысқа орналасуды жоспарлап отыр.

Оқу ордасынан алған білімі тәжірибеде айқын көрініп, бүгінде мамандығымен мақтанатын Азамат Қалиев алдағы өмірін осы мамандықпен ұштастырғысы келетінін айтып, өзіндік ой-санасы қалыптасқан, білімді маман болуға көп септігін тигізген ұстаздарына алғысын білдіреді.

«Алдағы уақытта білімімді одан әрі тереңдеткім келеді. Болашаққа жоспарларым өте көп»,-дейді жас маман. Тек алға ұмтылуға тырысатын іздемпаз жас жігітке сәттілік серік болсын дейміз!




2019 жыл «Жастар жылы» екені бәрімізге белгілі. Жас маман өткен жылдың өзі үшін оң бастамаларға толы болғанын айтып, «Жастар жылынан» да үлкен үміті барын жасырмады.

Азаматтың ойынша кейінгі буынды елімізге пайдасы мол мамандықтарға бейімдеп, олардың сол салаға қызығушылығын тудыра білу қажет. Өзінен кейінгі іні-қарындастарына барынша жақсы, игі істерді дәріптеуге тырысатындығын айтты.

Жас та болса айтары бар Азамат Қалиев ойын Мағжан Жұмабаев атамыздың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңінің әдемі шумақтарымен түйіндеді.

Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтарымыздың білімді де білікті, алғыр, бәсекеге қабілетті мамандар қатарын толықтырарына сенімдіміз және өз мамандығының нағыз шебері бола алатын талапты да талантты жастарымыздың қатары көбейе берсін дейміз!



# Ел ертеңі - жастар

Еліміздің дамуы жастарға тікелей байланысты. Сондықтан олар әрқашан мемлекеттің назарында. Ал жас буынды игі жолға бағдарлау басты мәселе болмақ. Ол үшін жастардың өмір салтына, ұстанымдарына, наным-сенімдеріне аса мән берілу керек. Өскелең ұрпақтың сапалы білім алуы, толыққанды тұлға ретінде өмірден өз орнын табуы, мұның барлығы аса жоғары жауапкершілікті талап етеді.

Мемлекет тарапынан жастарды қолдайтын бағдарламалар жеткілікті. Атап өтер болсақ, «Жасыл ел», «Жастар кадрлық резерві», «Дипломмен ауылға», «Серпін-2050», «Қолжетімді баспана–2020» және тағы да басқа бағдарламалар бар. Жастардың табанды еңбек етіп, елімізде болып жатқан оңды үрдістерге белсене қатысуы арқылы ғана жетістікке қол жеткізіп, биіктерге көтерілуге болатынын түсінуі маңызды.

Жастардың жан-жақты білім алуларына, бизнес бастап, кәсіппен айналысуларына мемлекет барынша жағдай жасауда. Аталмыш міндеттерді қадағалайтын облыс орталықтарындағы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалар. Біздің аймақтағы басқарма басшы Марат Жұрқабаев: «Бүгінде жастар үшін көптеген бағдарламалар іске асырылып, жыл сайын мыңдаған жас мамандар, жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектері өмірлік бастаудың жаңа мүмкіндіктерін алуда. Мұның барлығы – Ұлт Көшбасшысының көреген саясаты екендігі белгілі».

Қостанай облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма облыстың жастарымен жақсы жұмыс жасайды. Жоғары оқу орындарымен, колледждермен тығыз қарым-қатынаста. «Ел ертеңі», Қостанай облысы жастарының «Алтын кітабы» және дарынды жастарды қолдауға арналған ғылыми-зерттеу бағытындағы «STARTUP» жобасы – бұл іс-шаралар басқарманың қадағалауымен өтеді.

«Қостанай облысы жастарының Алтын кітабы» жобасы – талапты, дарынды, білімді жастарды елеп-ескеретін белді шаралардың бірі. Жоба 2005 жылдан бастау алды. Осы уақытқа дейін «Алтын кітапқа» 195 лауреаттың есімі тіркелген.

Мемлекетіміздің қандай өңірінде болмасын атқарылып жатқан барлық игі бастамалар мен бағдарламалар бізді қызықтыра білуі қажет. Әрқайсымыз қоғамда болып жатқан мәселелерге бейғам қарамай, белсенділік танытқанымыз өз болашағымыз үшін жасалған нық қадам деп білемін. «Қазақ» деген ұлы елдің ұрпақтарымыз және осы елдің тұғырының биік болуы тек біздің қолымызда. Бізге, яғни жастарға беріліп жатқан мүмкіндікті пайдалана отырып, халқымыздың мүддесіне асырсақ нұр үстіне нұр болар еді.

**Бетті дайындаған**
**Журналистика мамандығының**
**3 курс студенті**
**Сағыныш ИБРАҺИМ.**

"БІЛІМ ЖАРЫСЫ"
МЕНШІК ИЕСІ: А,Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Редакцияның мекенжайы: Қостанай қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 47. Тел. 511167

Шығарушы редактор А.Әстемірова

Беттеген Әйгерім Шаяхметова
Бас маман Арайлым Сарбасова

Нөмірді дайындаған ҚМУ-дың журналистика мамандығының студенттері

ОО "Костанай полиграфия". Ул.Мауленова 16 тел 8(7142)28-02-93
Заказ №441 Тираж 700 экз.
Объем 2 печатных листа
Айына 1 рет шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 25 наурызында тіркеліп, №2794-г куәлігі берілген